



Бабалар аманатына адалдық

XXI ғасыр — жаңалығы желдей ескен, адамзаттың санасы ғарыш кеңістігімен таласқан кезең. Әлем сағат санап өзгеруде. Біз, өзгеше мүмкіндіктері мен тәуекелдері бар жана жаһандық ғаламда өмір сүрудеміз. Адамзат өз палуының жана дәуіріне — цифрлы кезеңге аяқ басты. Үстіміздегі заманауи постиндустриалдық кезеңнің ерекшелігі — дамыған нарықтық экономика, ашық демократиялық қоғам, цифрлы сервистердің, жасанды интеллект технологияларының, «цифрлы сыңарлардың» және смарт-жүйелердің кең қолданысқа енуі.

Осындай аумалы-төкпелі кезеңде қазақ қоғамы үлкен прогрестерге ден қойып отыр.

Еуразия кеңістігін еркін жайлаған ата-бабаларымыз тарихтың талай кезеңдерінен өтті. Сыналды, сұрыпталды, өзгерді, өсті, өнді.

Осындай тарихи ауыр жүкті біздің халқымыз, оның көреген көсемдері көтере білген. Олай болмағанда қазір біз әлемдік қауымдастықтың субъектісі бола алмас едік. Түрік қағанатынан соң елдік эстафетасын алған Қарлұқ, Қарахан сынды империялар болды. Қарахан — Түрік қағанатының орнында пайда болған мұрагер мемлекет. Қарахан елі, әсіресе Абдул Карим Сатұқ Боғыра хан (915-955) тұсында үлкен реформаларға ден қойды. Нәтижесінде, түрік дүниесі әлемдік деңгейдегі өркениеттік дәрежеге жетті. Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» шығармасы Түрік елінің саяси бағдарламасы іспеттес: «Бек қандай болу керек?! Ол мыналарды басқарсын, жұмысын жасасын, атағы мен даңқы тарасын. Елі дамысын һәм халық байысын, дүниеден өткенде артында жақсы аты қалсын. Қазынаға күміс (ақша) пен жібек толтырсын, дұшпаны басын ісін, бүлікті жойсын. Әскер жиналсын, күшті қол болсын; заң орнатып, оны біліммен түзу жүргізісін. Даңқты болып, аты әлемге жайылсын, күннен күнге өсіп, құт-берекесі артсын».

Яғни қай заманда болса да, біздің саяси ұстанымымыз Жүсіп Баласағұнның ғибратымен толығуы керек.

Осылайша, Еуразияның шетсіз де, шексіз ұлы даласын ертеден мекен еткен түрік тектес көшпелі тайпалардан бірыңғай этникалық топқа жіктелген қазақтар XV ғасырдың ортасында өз хандығын құрады.

өткеннен қалған, ескі қоғамнан бізге ілесіп келе жатқан жаман қылықтардан бойымызды тазартуымыз керек. Олар: жемқорлық, жағымпаздық, рушылдық, іс жүзінде емес, қағаз жүзінде жұмыс істеу т.б. Осы әдеттерден арылмасак ешқандай керемет бағдарламалар да, саяси памфлеттер де біздің қоғамды түбегейлі өзгертуге қауқарсыз екені анық. Яғни санамызға түбегейлі жаңғыру керек болып тұр. Бұл туралы Президентіміздің: «Біз надандық пен ескілікке, радикализм мен масылдыққа, тоғышарлыққа және сыбайлас жемқорлыққа табанды түрде қарсы тұрамыз. Бір-бірімізді жат көрмей, жақын тартып, қоғамда нақты өзгерістерге деген сенімді орнықтырамыз. Жұртымыздың күш-жігеріне, дарыны мен еңбекқорлығына сүйенеміз. Әр азаматтың өз қабілетін іске асыруына барынша қолайлы жағдай жасаймыз».

Біз осылайша ғана халқымыздың жасампаздық әлеуетін арттыра аламыз. Осылайша ғана өмірдің барлық саласын өзгертіп, реформалар дәуірін өз қолымызбен жасаймыз. Біз кез келген сын-қатерді бірге еңсеріп, Қазақстанымыздың қуатын бірге арттырамыз деп сенемін», — деген сөзі бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отыр. Сайып келгенде, бүкіл қоғамдағы позитивтік өзгерістердің түп-қазығы рухани жаңғыруда жатыр.

Президент Жолдауының ең басты қағидаты да — адам капиталының өсіп, жетіліп, кемелденуіне қолайлы жағдай туғызу.

Президенттің жана облыстардың құрылуы туралы айтқаны — ұлттық рухымызды асқақтатып, елдіктің еңсесін көтеретін, тарихи санамызды түлететін жағымды жаңалық болды. Атап айтқанда, Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын құруды тапсырды. Себебі Ұлытау — қазақтың

ұстазы Байтұрсынов туралы «Ахаңның елу жылдық тойы» атты мақаласында: «Өзге дүниеде болып жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып, қазақтың өзін алғанда, әлденеше тарихшыға еңбек болатын тарихи уақиғалар өтіп жатыр. Бұрынғы уақытта қазақ баласының есіне келмеген, мағынасы үлкен уақиғаның бірі — қазіргі жасалып отырған Ахаңның 50 жылдық тойы. Саясат толқынына түсіп, ойы ашылған, мәдениет жолында аз да болса ілгері басып беті ашылған қазақ жұрты, бұрынғы ауыр күнде басшысы болған азаматының атын құрметпен атағысы келеді» — деген болатын. Осындай даналықпен ұрпаққа үлгі болған ерен істердің болмысына айналған қос заңғардың мерейтойының қатар келуі — тарих пен руханият дәуірінің іргелі бетбұрысы іспеттес.

Қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезов — Ұлы Абайдың жарқын бейнесін өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы өшпестей етіп уақыт жадына жазып кетті. Сонымен бірге Мұхтар Омарханұлы Абайтану ғылымының іргетасын тозбастай етіп қалады. Соның арқасында қазіргі таңда «абайтану», «мұхтартану» атты ғылым салалары бүгінгі қазақ әдебиеті мен әдебиеттанудың шамшырағы іспеттес зор рухани-мәдени локомотивке айналған.

Абайтану, мұхтартану салаларын кеңейтіп, рухани қазыналарын молайту мақсатында 2018 жылдың қарашасында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 75 жылдығы аясында университет тарихында алғаш рет «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды.

Содан бері біраз ғылыми жаңалықтардың куәсі болып отырмыз. Профессор М.Мырзахметұлының 2020 жылдың маусым айында «Абайдың «Толық адам» ілімі» монографиясы жарық көрді. «Толық адам» ілімінің шығу тарихы, даму төркіні өте тереңде екені даусыз. Аталған еңбекте: «Тұран жеріндегі б.з.д. VII ғасыр басында «Алып ер Тоңа» (Афрасиаб) туралы жырланған дастанның үзіктері (600 өлең жолы яғни 150 шумақ өлең) М.Қашқаридің XI ғасырда күллі әлемге танылып «Түрік сөздігі» еңбегі арқылы бізге жетті. Түрік халықтары «Алып ер Тоңа» десе, пар-

*Қойғын маған мәрттікті,
Болсын менің лақабым, —*

деп айтқан ақырғы өсиет сөзі бізге жетіп отыр. Осы сөзінде ол өзін «ақи» деп атайды, ол сөз оның лақап аты (псевдонимі) ретінде келер ұрпаққа қалатынын ескертетіні бар. Бұл сөздің терең «жауан-мәртлік» ілімінің тұңғыш рухани көрінісі екені байқалады», — дейді.

Бұған қоса тағы бір үлкен ғылыми жаңалық — университет ғалымдары тұңғыш рет хакім Абайдың «Китаб тасдик» шығармасының транскрипциясын жасап шықты. Әрине, бұл ғылыми жаңалықтарымызды мен еліміздің бас басылымдары «Егемен Қазақстан», «Айқын» газеттері арқылы бөліскен едім.

Транскрипция Абайдың әдеби хатшысы Мүрсейіт Бікіұлының 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбаларына сүйеніп жасалды. Енді осы жаңалық толыққанды барша оқырманға жетуі үшін біз Абай жылы мен Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойының құрметіне орай «Абайдың «Китаб тасдик» шығармасы», «Абай. Китаб тасдик» атты қос ғылыми монографияны жарыққа шығардық. Хакімнің терең ойлары, философиялық құндылықтары туралы А.Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінің басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасын. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланyp дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері, жалпы, адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады», — деген еді.

Басқан із, көрген қызық

артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек, деген өлеңімен қоса: «Абай Құнанбаевтың Шымкент қаласында жерленген үрім-бұтағы:» орысша мәтінде: «Родственники Абая Кунанбаева похороненные в городе Шымкенте:» деп, оған қоса 4 адамның есімі қай жылы, қай жерде жерленгендері қазақ-орыс тілдерінде қашап жазылған. Олар:

Тұрағұл Абайұлы — Әйгерімнен туған. 1934 ж. ХФЗ аймағы.

Келіндері: Дәмежан — Михайлдің әйелі. 1960 ж. Шұқырсай.

Камалия — Әубәкірдің әйелі. 1962 ж. Қасқа зираты.

Немересі: Әубәкір — Ақылбайдың ұлы. 1933 ж. Көксай.

Турағұл Абайұлы — сын Айгерім. 1934 г. р-н ХФЗ.

Жені сыновей: Дәмежан — жена Михайла. 1960 г. Шұқырсай.

Камалия — жена Аубакира. 1962г. К-ше Каска.

Внук: Аубакир — сын Ақылбая. 1933 г. Көксай.

Міне, мәрмәртастағы мәтін осылай өрілген. Мемориалды тақта 30 жылға жуық «Химфарм» зауытының арнайы бөлімінде өте ұқыпты сақталып келген. Жәдігер бүгінде университетіміздің «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығындағы құнды экспонаттың біріне айналған. Бұл мемориалды тақтаның тарихы тым тереңде жатыр. Алаш зиялысы Тұрағұл Ибраһимұлы 1934 жылы Шымкентте тұратын қызы Мәкеннің қолында дүние салған. Кей деректерге сүйенсек, Тұрағұлдың сүйегі сол кезде мұсылмандар зиратына жерленіп, кейіннен ол жерге «Химфарм» зауыты салынып, ақыры мәйіті сол мекеменің астында қалып қойған деген пікірлер айтылып келді. Ал шындық мүлде басқа болып шықты. Фармацевтикалық кәсіпорын 1882 жылдары салынған. Яғни мәйіттің дәрі-дәрмек сақтайтын мекеменің астында қалып қоюы шындыққа жанаспайды. Бұл мәрмәртасты Абайдың немересі Мәкен Турағұлқызының айтуымен «Химфарм» зауыты жасатқан.

«Өткеннен тағылым алып, келешекке сеніммен қадам басамыз... Отаншылдық рухы жоғары ел көздеген мақсатына қалайда жетеді. Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды қуру», – деп мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев барша қазақстандықтарға «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты тарихи құжатында атап көрсетті. Біздің ой-пікірімізді тарихи контексте айтып жатқанымыз да содан болса керек.

Жалпы, қазір үлкен бір тарихи құбылыс жүріп жатыр. Әлемде жаңа қайта бөліс, жаңа қайта жаңғыру, жаңа құндылықтар орнату үшін жанталас, саяси күрестер жүріп жатыр. Осы арпалысқан дүниеде, жаңа әлемдік бөлісте біздің өзіміздің орнымызды нықтап бекітіп алуымыз керек. Ол үшін

бүкіл ру-тайпаларының таңбасы басылып, өрнек тапқан жер. Жетісу – қазақ жерінің алтын бесігі. Абай – ұлттық қолымызға айналған бірегей тұлға.

Алты алаштың мыңжылдық тарихын түгендеп, Жаңа Қазақстанның Тәуелсіз ел болып қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан алыптарымыздың атын жаңғыртуымыз орынды іс болып отыр. Бұның бәрі – біздің қоғам үшін салынған зор рухани инвестиция.

Биылғы жыл – ірі бетбұрыстарға жол ашатын кезең. Күнгізбеміздің тарихи даталармен толысуы да бекер емес. Неге десеніз, биыл қазақтың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келгеніне 150, қазақтың біртуар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толып отыр. Мұхтар Әуезов өзінің рухани

сылар «Афрасиаб» дейді. Бұл атаулар мағынасын алғаш рет саралап, ашып берген Жүсіп Хасхаджиб Баласағұни болатын. Афрасиабты бас кейіпкер ретінде танытқан Фердаусидің «Шахнама» дастанының шұқшия зерделесе, ізгілік, жомарттық жайлы ой-пікірлер желісі танытатын ойлар желісінен көптеген тума ойлар ұшырасады. Алып Ер Тонаны парсы патшасы Кейқауыс алдап тойға шақырып, қонақ еткенде, шарапқа у қосып өлтіргені б.з.д. 626 жыл болатын. Алып Ер Тона туралы ол уланып қайтыс болған соң, кейінгі жылдарда халық аузында жырланған дастан өзінің түркі сөзі арқылы асыл мұра ретіндегі өлең үзіктері бізге жетіп отыр. Алып Ер Тона жау қолынан уланып өлерін білген соң, жұртына арнап қалдырған өсиет сөзі бар:

Абай ұрпақтарына қатысты тағы бір соны жаңалықпен бөліскім келіп отыр. Ол 1934 жылы Шымкентте қайтыс болып және осында жерленген хакім Абайдың Әйгерімінен туған перзенті Тұрағұл Ибраһимұлы мен өзге де ұрпақтарына қатысты ерекше жәдігердің табылғандағы.

«Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы қызметкерлері ғылыми ізденісінің нәтижесінде, Абай Құнанбайұлы ұрпақтарының есімі, қайтыс болған мерзімі мен жерленген орындары көрсетілген ерекше мемориалды тақтаның табылғандығын зор қуанышпен айтқым келеді. Бұл мәрмәртаста Абайдың:

*Жас қартаймақ, жоқ тумақ,
туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта
келмек.*

М.Әуезов кезінде «Рахымды күннің шуағына қызып бір аз ғана білімімізді, аз ғана қайратымыздың кішкене қызметін адамшылық жолына салып, ақтыққа жұмылайық», – деп жар салып еді. Біздің М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғалымдары алдағы уақытта да өткен тарих мұрасын қастерлей отырып, оны келешек ұрпаққа жеткізу жолында өз ізденістерін жалғастыра бермек.

Қорыта айтқанда, бабалар аманатына адалдық танытатын уақыт келді!

Дария ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ ректоры, тарих
ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА академигі